

**Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының
«Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК
сыбайлас жемқорлық тәуекелдері ішкі талдау нәтижелері бойынша 2024
жылға берілген талдау ақпараты**

1. Кіріспе:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары және «2024 жылға арналған №4 үлгілік базалық бағытты іске асыру жөніндегі іс-шараларды өткізу туралы» үлгілік базалық бағытты іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының қорытындылары бойынша Орталықта 2024 жылға арналған сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау объектісінің толық атауы: Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» КМҚК

Талдау жүргізу мерзімдері: 2024 жылға

Талдау Орталық қызметінің негізгі бағыттарын, соның ішінде, қаржы шаруашылық қызметті, кадр саясатын, Орталық ұжымымен және келушілермен өзара іс-қимылды қамтыды.

2. Кәсіпорынның қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің тізбесі:

Нормативтік-құқықтық актілер:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, 1995 жылғы 30 тамыздағы 19.09.2022 ж. жағдай бойынша өзгертулер мен толықтырылған;
- «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 15 желтоқсандағы № 207 Заңы;
- «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңы;
- Азаматтық қызметшілердің қызметтік әдеп кодексінің Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 28 тамыздағы № 342 бұйрығы;
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ Еңбек кодексі;
- «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы;
- Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 31 мамырдағы № 125 бұйрығымен бекітілген «Лауазымдық жалақыны белгілеуге құқық беретін мемлекеттік қызметшілердің жұмыс өтілін есептеу қағидалары».

Ішкі нормативтік-құқықтық актілер:

- Қарағанды облысы мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының «Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық

- кәсіпорнының 2013 жылғы 31 қазандағы № 286 Жарғысы
- Қарағанды облысы мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының «Тұңғыш Президенттің тарихи-мәдени орталығы» мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының 2016 жылғы 01 сәуірдегі Ұжымдық шарты
 - Ішкі еңбек тәртібінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 32 Ережесі.
 - Лауазымдық нұсқаулықтар.

3. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері

3.1 Құқықтық актілерде және ішкі құжаттарда анықталған тәуекелдер саны.

Өкімдік, ұйымдастырушылық және реттеуші құжаттармен байланысты тәуекелдер анықталған жоқ.

Ұйымда іс жүргізу 2023 жылғы 09 маусымдағы бекітілген істер номенклатурасына сәйкес жүргізіледі, құжаттарды тігу, ресімдеу, сақтау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің 2022 жылғы 11 шілдедегі № 184 бұйрығымен бекітілген «Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың қызметінде жасалатын үлгілік құжаттар тізбесіне» сәйкес жүргізіледі.

3.2 Қызметкерлерді басқарумен байланысты анықталған тәуекелдер саны :

- қызметкерлерді басқарумен байланысты тәуекелдер анықталған жоқ
- қызметкерлерді жұмысқа қабылдау, ауыстыру, еңбек шарттарын бұзу, қызметкерлерге тәртіптік жазалар мен көтермелеулерді қолдану Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің талаптарына сәйкес жүргізіледі

Штат саны, жалпы саны- 44,0 бірлік, оның ішінде әкімшілік - басқару қызметкерлері- 4,0 бірлік, ұйымдық қамтамасыз ету - 10,0 бірлік, ғылыми-зерттеу және экспозициялық-көрме қамтамасыз ету бөлімі - 5,0 бірлік, қор сақтаушы-1,0 бірлік, экскурсиялық-жаппай жұмыс бөлімі - 4,0 бірлік, шаруашылықты қамтамасыз ету бөлімі - 8,5 бірлік, кіші қызмет көрсету персоналы-11,5 бірлік. Қызметкерлердің нақты саны-36 адам.

Есеп беру кезеңде:

- қызметке қабылданған - 9,0 адам.,
- жұмыстан босатылған жұмыскерлер-11,0 адам, оның ішінде өз қалауы бойынша- 11,0 адам.

Лауазымдарды қоса атқарғаны үшін, орындалатын жұмыс көлеміне қарай, қосымша ақылар «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыланатын ұйымдар қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындар қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің № 1193 Қаулысымен ҚР ТР 111-бабына сәйкес белгіленеді.

Барлық еңбек шарттары «Еңбек» электрондық еңбек биржасында тіркеледі. «Теміртау қаласының Карьерлік орталығы» КММ-мен бос орындарды ауыстыру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде.

8 ай ішіндегі ішкі талдау нәтижелері бойынша Орталық қызметкерінің

лауазымдық міндеттерінен туындайтын проблемалық мәселе (кейс) анықталды.

Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелін жою үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметі бойынша жауапты тұлға осындай мінез-құлыққа жол бермеу бойынша қызметкермен жеке әңгімелесу өткізді.

3.3 Мүдделер қақтығысына байланысты анықталған тәуекелдер саны.

2024 жылда сыбайлас жемқорлыққа жағдай жасайтын мүдделер қақтығысы (жұмыскерлер мен жұмыс беруші арасындағы еңбек дауларының әртүрлі түрлері, тұлғааралық қатынастар: жанжалдар, жағымсыз қатынастар, мүдделерді жақтау) анықталған жоқ.

Басшылық лауазымдарда жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірлесіп жұмыс атқарған жағдайлары анықталған жоқ. Қызметкерлердің жеке істерін зерттеу барысында мүдделер қақтығысы жағдайлары анықталған жоқ.

Күнделікті келіп түскен шағымдар мен өтініштерге «Е-Өтініш» сайтында талдау жүргізіледі.

2024 жылы 7 өтініші түсті, олардың ішінде жарнамалық сипаттағы -3, тауарларды сатып алуға ұсыныс - 1, ақпарат беру туралы сұрау салу -3.

Барлық өтініштер мерзімінде пысықталды, сұраулар бойынша уақытында жауаптар берілді.

3.4 Орталықтың қаржылық қызметінде анықталған тәуекелдер саны.

Бухгалтерлік есеп 2022 жылы әзірленген есеп саясатына және салықтық есеп саясатына сәйкес «1С Кәсіпорын» бағдарламасында «Пласт» ЖШС фирмасы сүйемелдеуімен жүргізіледі.

Жыл сайын бөгде үшінші тарап «ЦЕНТР-АУДИТ S&M» ЖШС ұйымы аудиторлық тексеру жүргізеді, оның нәтижелері бойынша ескертулер жоқ.

3.5 Мемлекеттік қызметтер көрсетуге байланысты анықталған тәуекелдер саны

Тұңғыш Президент орталығы мемлекеттік қызметтерді көрсетпейді.

3.6 Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Рұқсат беру функциялары Жарғыда қарастырылмаған.

3.7 Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты анықталған тәуекелдердің саны.


Анықталған жоқ.

Қорытынды бөлім:

2024 жылы жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлар анықталмаған.

- Рұқсат беру функциялары жоқ.
- Мемлекеттік қызметтер көрсетілмейді.
- Мүдделер қақтығысы фактілері анықталған жоқ.

Басшы



Саргизова С.Ж.